



**Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ**  
**Психологиялық қызмет**

**Студенттер арасындағы зорлық-зомбылықтың және  
харассменттік іс-әрекетті анықтауға арналған сауалнама  
нәтижесі**

**Атырау - 2023 жыл**

## Студенттер арасындағы зорлық-зомбылықтың және харассменттік іс-әрекетті анықтауға арналған сауалнаманы талдау

Бұл сауалнаманы жүргізудегі мақсат, харассментке, зорлық-зомбылыққа ұшыру ықтималдығы өте жоғары топ, ол - студенттер. Осы орайда біз зорлық-зомбылық және харассменттік іс-әрекеттерді анықтауға арналған анонимді (жасырын) сауалнаманы студенттерге ұсындық. Зорлық-зомбылық дегеніміз - жеке тұлғаға қол сұқпаушылық, (тәндік және рухани мағынада) туралы азаматтардың құқын бұзатын бір адамның екінші адамға тәндік немесе психикалық ықпал етуі. Харассмент дегеніміз – адамдарға еркінен тыс физикалық түрде қысым, зорлық-зомбылық көрсету, жағымсыз сөздермен, хабарламалармен бопсалау, жыныстық тұрғыда құқығын таптау, жеке шекарасын бұзу.

### Зерттеу барысы:


Студенттерге «Google Формасында» 16 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Атап айтар болсақ: 1,2,3,4 курс студенттері.

Сауалнамаға қатысушылар саны **393 студент**. Сауалнамада келесі мәселелер зерттелді:

- Жынысы;
- Факультеті;
- Жасы;
- Қарым-қатынасы;
- Харассмент және зорлық-зомбылық дегеніміз не?
- Өз құқығын қорғай алама?
- Зорлық-зомбылыққа немесе харассменттік іс-әрекетке ұшырағанба?

### Сауалнама нәтижелері:

#### 1.Студенттің жынысы?




Диаграммадан сауалнамаға жауа берушілердің 70,2%- ы әйел адамдар екенін көруге болады, ал қалған 29,8%-ы ер адамдарды құрайды.

## 2.Студенттің факультеті?



Алынған жауаптар бойынша жауап беруші студенттердің 34,1 %-ы физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің студенттері. Ал қалған 25,2%-ы инновациялық білім беру факультеті, 6,9%-ы жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультеті, 26,2%- ы гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті, 7,1%-ы көптілді білім беру факультетін құраса, 0,5%-ы экономика және құқық факультетін құрады.

## 3. Студенттің жасы?




## 4. Студенттің ата-анасымен қарым-қатынасы?



Жауап беруші студенттердің 72,3%- ының ата-анасымен қарым – қатынасы жақсы, 24,2 %-ы ата-анасымен дос, 1,8%-ы түсінбеушілік пен даулар болып тұратындығын жеткізген. Ал, 4,8 %-ы әкесі мен анасынан алыс екендігін, 0,3%-ы ата-анасының қол көтеретіндігін көрсеткен.

## 5. Университет оқытушылармен қарым-қатынасы?




Алынған жауаптар бойынша студенттердің 94,9%-ы оқытушылармен жақсы қарым-қатыныста екендігін көрсеткен. Ал, қалған жауап берушілердің 2,5%-ы оқытушылардың менсінбеушілікпен қарайтындығын, 2%-ы оқытушылармен түсіспеушіліктермен даулар болып тұратындығын анық көрсеткен. Қалған 0,6 %-ы оқытушылармен араласпайтындығын жеткізген.

## 6. Қиын жағдайға тап болғанда не істейсіз?




Студенттердің 45,8%-ы өз проблемамды өзі шешуге тырысатынын, ал 41,9%-ы ата- анамнан көмек сұрайтынын көрсеткен. 3,3%-ы достарынан көмек сұрайтынын, 2 %-ы Куратордан немесе оқытушыдан көмек сұрайтынын, 0,8 %-ы Туған - туыстарымнан көмек сұраймын деп жауап берген. 0,5%-ы психологқа жолығатынын, 0,3%-ы полицияға телефон соғатынын 1,5%-ы ата - анамды мазалағым келмейді деп жауап берсе, студенттердің 2,8%-ы шыдауға тырысатындығын жеткізген.

## 7. Харассмент дегеніміз не екенін білесізбе?




Жауап беруші студенттердің 39,9 %-ы харассменттің не екендігін білетінін, ал 60,1 %-ы білмейтіндігін көрсеткен.

### 8. Зорлық – зомбылық не екенін білесізбе?




Зорлық-зомбылық туралы студенттердің 96,7 %-ы білетіндігін, 3,3 %-ы білмейтіндігін көрсеткен.

### 9. Университетте сіздің құқығыңыз бұзылып жатыр деп ойлайсыз ба?




Студенттердің 93,4 %-ы құқығы бұзылмағандығын, ал 2,3 %-ы құқығы бұзылғандығын жеткізген. Қалған студенттер жауап 3,8 %-ы беруге қиналатындығын, 0,5 %-ы білмейтіндігін жеткізген.

### 10. Сіз қандай да бір харассментке (жыныстық қысымға) немесе зорлық-зомбылыққа ұшырадыңыз ба?




Жауап берушілердің жыныстық қысымға және зорлық-зомбылыққа 93,1%-ы ұшырамандығын жеткізсе, 3,1 %-ы ұшырағандығын жеткізген. Қалған жауап берушілердің ішінде 2,3%-ы Эмоциялық (жәбірлеу, тіл тигізу) ұшыған, 1,3%-ы жауап беруге қиналатындығын, 0,3%-ы білмейтіндігін жеткізген.

### 11. Сізге зорлық - зомбылық немесе харассменттік іс-әрекеттер жасалады ма? Кімнің тарапынан?




Студенттердің 87,6%-ы бұндай іс-әрекет жасалмады деп жауап берсе, 10,2 %-ы таныс емес адамдар тарапынан қоғамдық көліктерде болды деп жауап берген. Қалған жауап берушілер 0,3 %-ы студенттер тарапынан, 0,3%-ы оқытушылар тарапынан болды десе 0,8%-ы достар және 0,8%-ы бауырларымның тарапынан болды деп жауап берген. Жауап берушілер арасында ата-ана тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшыраған студенттің жоқтығы.

## 12. Сіз өзіңізге жасалған зорлық-зомбылық туралы кімге айта аласыз?



Алынған жауап бойынша зорлық-зомбылыққа ұшыраған жағдайда 35,9 %-ы ата-анама айтамын деп жауап берсе, 3,6 %-ы бауырларыма, 8,7 %-ы достарыма, 3,6%-ы психологқа, 0,5 %-ы оқытушыларға айтса, қалған 21,6%-ы студенттердің ешкімге айтпайтынын, 26,1%-ы ондай жағдай болмайтындығын көрсеткен.


## 13. Сіздің достарыңыздың арасында зорлық-зомбылыққа немесе харассменттік іс-әрекетке тап болғандар бар ма?



Жауап берушілердің 80,4 %-ы достарының арасында зорлық-зомбылық болмағандығын көрсетсе, 6,1 %-ы жауап беруге қиналатындығын, ал 7,4 %-ы


ы зорлық зомбылыққа тап болғандар бар деп жауап беріпті. Ал, 6,1 %-ы білмейтіндігін көрсеткен.

#### 14. Сіздің ойыңша, біздің университетімізде зорлық-зомбылықтың және харассменттік іс-әрекеттің қандай-да бір түрі бар ма?




Студенттердің жауап беруі бойынша 76,1%-ы университетімізде зорлық-зомбылық және харассменттік іс-әрекеттің жоқ екендігін көрсеткен. Ал, 8,1 %-ы бар деп жауапберсе, 3,5%-ы жауап беруге қиналатынын көрсеткен.

#### 15. Өз құқығыңызды қорғай аласызба?



#### 16. Егерде адам зорлыққа тап болса, қандай мекемелерден көмек сұрай алады деп ойлайсыз?



**Қорытынды:** Сауалнаманы қорытындылай келе 393 студент сауалнамаға қатысты. Жауап берушілердің зорлық-зомбылық және харассменттік іс-әрекеттер туралы хабардар екенін анықтадық. Ата-аналарымен, достарымен, оқытушылармен қарым-қатыстары жақсы деңгейде екенін де көруге болады. Жауап берушілердің 95,4 %-ы өз құқықтарын біледі.